

Қазақ және (немесе) орыс тілдерін оқытуда үздік оқу-әдістемелік құралдар байқауы туралы

Күшін жойған

Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 2005 жылғы 21 сәуірдегі N 110 қаулысы. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2005 жылғы 27 маусымда N 1584 тіркелді. Қолданылу мерзімінің өтуіне байланысты күші жойылды (Солтүстік Қазақстан облысы әкімі аппаратының 2011 жылғы 17 қазандағы N 01.04-08/2964 хаты)

Ескерту. Қолданылу мерзімінің өтуіне байланысты күші жойылды (Солтүстік Қазақстан облысы әкімі аппаратының 2011.10.17 N 01.04-08/2964 хаты)

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы N 148 "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Заңының 27 бабының 2 тармағына, Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы тіл туралы" 1997 жылғы 11 шілдедегі N 151 Заңының 25-2 бабының 4) тармағына, "2005-2010 жылдарға арналған Қазақстан Республикасындағы білім саласын дамыту мемлекеттік бағдарламасы туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2004 жылғы 11 қазандағы N 1459 Жарлығының 3 тармағына сәйкес, облыстық мәслихаттың 2005 жылғы 24 қаңтардағы N 13/6 "Тілдерді қолдану мен дамытудың Мемлекеттік бағдарламасын Солтүстік Қазақстан облысында іске асыру жөнінде 2005-2006 жылдарға арналған іс-шаралар жоспары туралы" шешімінің негізінде және шығармашылықпен жұмыс атқаратын педагогтарды мемлекеттік қолдау және ынталандыру, білім мекемелерінде мемлекеттік және орыс тілдерін оқыту сапасын арттыру мақсаттарында облыс әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. 2004-2005 жылдары басылып шығарылған қазақ және (немесе) орыс тілдерін оқытуда үздік оқу-әдістемелік құралдар байқауы өткізілсін (ілгеріде - **Б а й қ а у**) .

2. Қосымша берілген Байқаудың Ережесі бекітілсін (ілгеріде - Ереже).

3. Экономика және бюджеттік жоспарлау департаменті кезекті бюджетті анықтау барысында Ережеге сәйкес Байқаудың жеңімпаздары мен қатысушыларына ақшалай сыйақыларды төлеуге қажетті қаржыны қарастырсын.

4. Ішкі саясат департаменті Байқаудың барысын тұрақты түрде бұқаралық ақпарат құралдарында хабардар етіп отырсын.

5. Қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары Е.Е.Нұрағаевқа жүктелсін.

Облыс әкімі

Облыс әкімдігінің
2005 жылғы 21 сәуірдегі N 110
қаулысымен бекітілді

**Қазақ және (немесе) орыс тілдерін оқытуда
үздік оқу-әдістемелік құралдар байқауының
ЕРЕЖЕСІ Байқаудың мақсаттары мен міндеттері**

1. Байқаудың мақсаттары:

қазақ және орыс тілдерін оқытудың сапасын арттыруға бағытталған жұмысты жандандыру, ұлттық білім беру жүйесін дамыту стратегиясының аясында өңірдегі тілдік білім беру жүйесін тиімді оқу-әдістемелік құралдармен қамтамасыз ету.

2. Байқаудың міндеттері:

1) Қазақ және орыс тілдерін оқыту сапасын арттыру арқылы Солтүстік Қазақстан облысында келісім мен достықты, халықтар бірлестігін нығайту.

2) Полимәдени кеңістігін құруға, қазақ және орыс мәдениетін өзара байыту үшін жағдай жасауға қабілетті шығармашыл ұстаздарды айқындау;

3) Ұстаздық мәртебені көтере отырып, оларды инновациялық педагогикалық әрекетке ынталандыру.

4) Озық педагогикалық тәжірибені енгізу және тарату, оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыру.

Байқауға қатысушылар

3. Қазақ және (немесе) орыс тілдерін оқытуда үздік оқу-әдістемелік құралдар байқауына (ілгеріде - Байқау) білім мекемелеріндегі қазақ тілі мен әдебиеті, орыс тілі мен әдебиетінің оқытушылары қатысады (жалпы және кәсіптік білім беретін мектеп, лицей, гимназия, колледждердің оқытушылары). Байқауға қатысушылардың еңбек өтіліне, біліктілік санаттарына, жасына шек қойылмайды. Байқауға жеке авторлар да, авторлық ұжымдар да қатыса алады (ілгеріде - Байқауға қатысушылар).

4. Байқауға қатысушылар ұйымдастыру комитетінің қарауына 2004-2005 жылы жарыққа шыққан және ресми авторлық белгілері бар қазақ және (немесе) орыс тілдерін оқытудың оқу-әдістемелік құралдарын (ілгеріде - Құрал) ұсына алады.

Байқаудың шарттары

5. Байқау кезең-кезеңмен өткізіледі:

бірінші кезең: Байқауға қатысушыларға облыстық педагог кадрлардың біліктілігін арттыру және қайта даярлау институтының редакциялық-баспа орталығында кеңес (белгіленген кесте бойынша) беріледі.

екінші кезең: Байқауға қатысуға сұраным беру:

1 қыркүйекке дейін - 2004 жылы басылған құралдар;

1 қазанға дейін - 2005 жылы басылған құралдар;

үшінші кезең: Ғылыми-әдістемелік және техникалық сараптау - 2005 жылдың
1 қ а р а ш а с ы н а д е й і н .

төртінші кезең: Құралдардың тұсаукесер рәсімі - 2005 жылдың 18
қ а р а ш а с ы н а 22 ж е л т о қ с а н ы н а д е й і н .

бесінші кезең: Қорытынды жасау, жеңімпаздарды марапаттау - 2005 жылдың желтоқсан айы.

6. Байқауға қатысушылар 1-ші қосымшаға сәйкес үлгідегі сауалнаманы толтырады.

7. Сауалнама жүргізудің мақсаты:

оқушыларды рухани-адамгершілікке тәрбиелеуде, мемлекеттік тіл саясатын жүзеге асыруда тіл пәндерінің рөлі мен орнын Байқауға қатысушылардың тани
б і л у і ;

педагогтардың кәсіби потенциалын, жеке қабілеттілігі мен дербес өсуін
а н ы қ т а у ;

мұғалім кәсіптілігінің, біліктілігінің мониторингтік зерттеулерін жүзеге
а с ы р у ;

педагогика және тіл пәндерін оқытудың әдістемесі саласында зерттеу жүргізудің болашақта мүмкіндігі мол бағыттарын анықтау.

8. Байқауға ұсынылатын Құралдардың сипаты төмендегідей болуы мүмкін:
мемлекеттік және орыс тілдерін оқыту барысында рухани татулықты, мәдени өзара қарым-қатынасты қамтамасыз етуге бағытталған сыныптан тыс іс-шаралар
ж и ы н т ы ғ ы ;

оқу жоспарының вариативтік бөлігі бойынша пәндік курс;
кіріктірілген білім салалары, тек міндетті түрде оның психологиялық-педагогикалық негіздемесі және ғылыми-әдістемелік құралдың сипаттамасы болуы керек, сонымен бірге білім берудің осы саласының жеке тұлғаны оқыту мен тәрбиелеу процесінде алатын орны анықталуы қажет;

сабақтардың әдістемелік әзірлемелері жиынтығы;

дидактикалық материалдар жүйесі;

ғылыми-әдістемелік негізделген авторлық бағдарламалар мен арнайы курстар
;

айрықша жаңа бір түрлер мен құрылымдар;

автордың тұтас әдістемелік жұмысының жүйесі, мұндай жағдайда міндетті түрде әдістемелік жүйе үш деңгейлі нәтижеге бағытталған болуы керек: ұлттық, компетенттілік, пәндік.

9. Байқау қорытындысы шығарылған кезде кең түрдегі базалық компетенттілікті қалыптастыруға (полимәдени, полилингвалдық, коммуникативтік, өзін-өзі дамытуға ынталы және тағы басқалар), қазақ және орыс мәдениеттерін өзара байыту ықпалына бағытталған құралдарға жоғары баға беріледі.

10. Үшінші кезеңде Байқауға қатысушылар өздерінің ұсынған жұмыстарының өзіндік тұсаукесер рәсімін жасайды. Байқаудың қорытындыларын шығарған кезде тұсаукесер рәсімінің нәтижелері ескеріледі.

Құралдарға кәсіби бағытталған талаптар

11. Зерттеушілік-әдістемелік деңгей:

зерттеу аясында мемлекеттік тіл саясатын жүзеге асыруға бағытталған авторлық бағдарлама мен тілді оқытудың әдістемелік тәсілдері және оқу-тәрбие процесінің кешенді-әдістемелік бағдарламасы жасалады;
зерттеу аясындағы жұмыс жүйесінің болуы;
инновациялық технологияларды қолдану;
пәндерді оқыту бойынша құралдар әзірлеу;
зерттеу тақырыбы бойынша әдістемелік идеяларды тудыру;
идеяларды мектепте жүзеге асыру үшін соған сәйкес сұранысты ресімдеу (аудандық, қалалық әдістемелік кеңесте талданады);
ұсынылған идеяларды мектеп практикасында жүзеге асыру бойынша нақты нәтижелердің болуы.

12. Зерттеушілік деңгей:

Қазақстан халықтары мәдениетін өзара байытудың шешуші міндеттерінің бірі - оқыту мен тәрбиелеудің өзіндік жаңа бағдарламасын жасау;
өзінің педагогикалық тәжірибесін сауатты, кәсіби шеберлік деңгейінде с и п а т т а п б е р у ;
тілтану саласы бойынша зерттеу жұмысында белгілі қазақстандық және ресейлік ағартушылар мен әлемдік ғалымдардың зерттеулерін кеңінен қолдану;
оқыту процесінде авторлық зерттеу бағдарламасының негізгі бағыттарын жүзеге асыру, тілдік пәндерді оқыту сапасын арттыру.

13. Әдістемелік деңгей:

оқу-тәрбие процесі барысында тіл пәндерін оқыту негізінде халықты рухани біріктіру міндетін жүзеге асыру;
қазақ және орыс тілдерін оқытудың сапасын арттыру;

тіл пәндерін оқыту процесінде, нақты бір әдістемелік проблемаларды шешу мақсатында инновациялық әдістер мен тәсілдерді тиімді пайдалану; қолдануда тәжірибелік нәтижеге жеткен әдістемелік құралдарды пайдалану.

Байқаудың қорытындыларын шығару тәртібі

14. Байқаудың қорытындысы 2-ші қосымшаға сәйкес бағалау критерийлері бойынша шығарылады.

15. Байқау қорытындысы бойынша келесі ақшалай сыйақылар қарастырылған :

бірінші орын - 100 мың теңгеден екі сыйақы;
екінші орын - 75 мың теңгеден екі сыйақы;
үшінші орын - 50 мың теңгеден екі сыйақы;
15 мың теңгеден жеті арнайы сыйақы.

Келесі номинацияларда ынталандыру сыйақылары тағайындалады:

"Өзара мәдениеттің байытуына қосқан үлесі үшін";

"Көптілділік үшін" (үш және одан да көп тіл меңгерген қатысушыға);

"Ауыл мектебінің дамуына қосқан үлесі үшін";

"Айрықша ерекшелігі үшін";

"Түпкілікті идеяны жүзеге асырғаны үшін";

"үздік топтық жоба";

"Ең жас Байқау қатысушысына".

Ұйымдастыру комитеті

Ұйымдастыру комитетінің құрамына "Солтүстік Қазақстан облысы Ікімі аппараты", "Солтүстік Қазақстан облысының білім департаменті", "Солтүстік Қазақстан облысының ішкі саясат департаменті", "Солтүстік Қазақстан облысының тілдерді дамыту жөніндегі басқармасы" мемлекеттік мекемелері, "Манаш Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорын, "облыстық педагог кадрлардың біліктілігін арттыру және қайта даярлау институты" коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны, бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдерді кіреді.

Қазақ және (немесе) орыс тілдерін оқытуда үздік оқу-әдістемелік құралдар Байқауының Ережесіне

1-ші қосымша

**Қазақ және (немесе) орыс тілдерін оқытуда
үздік оқу-әдістемелік құралдар**

**Байқауының қатысушыларына арналған
сауалнама**

1. Аты-жөні, тегі _____
2. Негізгі білімі, еңбек өтілі _____
3. Негізгі кәсіби қалауы, шеберлігі _____
4. қосымша қалауы _____
5. Сіздің жұмысыңызда не кедергі болып отыр (негізгі кәсіби проблемалар)? _____
6. Парақтың сол жақ бөлігіне, Сіздің ойыңызша, жұмысыңызда не жақсы шығатынын, оң жақ бөлігінде - жұмысыңызда қандай қиыншылық көретініңізді ж а з ы ң ы з .

7. Өз біліктілігіңізді қашан және қайда арттырдыңыз? 10 баллдық шкала бойынша осы шараның пайдасын бағалаңыз (10 балл - "жақсы", 1 балл - "өте нашар")
8. Өз бетімен білім алуды қалайша жүзеге асырасыз және қандай жетістіктерге жеттіңіз? _____
9. Осы оқу жылы төмендегі жұмыс бақыттарында қандай жетістіктерге жеттіңіз: Өз пәніңізді оқытуда _____ - пән бойынша сыныптан тыс жұмыста _____ - тәрбие жұмысында _____ қоғамдық-педагогикалық жұмыста _____
10. Ұжымыңызда Сізге кәсіби көмек көрсететін әріптестеріңіз бар ма? Оларды атап көрсетіңіз. _____
11. Сіз көмек көрсететін педагог мамандар бар ма? _____
12. Бір сабаққа дайындалуға Сіздің қанша уақытыңыз жұмсалады (орташа есеппен)? _____
13. Соңғы кезде Сіз төмендегі жұмыстардың қайсымен айналысасыз: жаңа оқу бағдарламасын құрастыру; _____ - жаңа әдістемені дайындау; _____ мақала жазу; _____ көрнекі оқу құралдарын жасау; _____ оқу құралын жазу; _____ сценарийді дайындау; _____ жоқ жұмыстың түрін қосып жазыңыз _____ --
14. Қай әріптестеріңіздің сабақтарына қатысуды қалайсыз? _____
15. Сіз қайда (қай жерде), кімнен және неге оқып үйренгіңіз келеді (басқа жаққа барып, _____ сыртта)? _____
16. Сізге қандай білім жетіспейді? _____

17. Сіз мектептік ғылыми-әдістемелік семинар аясында талқылауға қандай тақырыптарды, мәселелерді ұсынар едіңіз? _____

18. Сіз оқушылармен бірлесіп қандай эксперименттік жұмысты жүзеге асырғыңыз келеді? _____

Қазақ және (немесе) орыс тілдерін оқытуда үздік оқу-әдістемелік құралдар Байқауының Ережесіне

2-ші қосымша

Байқауға ұсынылған әдістемелік құралдарды бағалау критерийлері

N	Критерийлер	Ең жоғары ұпай саны		
		Зерттеу-әдістемелік деңгейі	Зерттеу деңгейі	әдістемелік деңгейі
1.	Тақырыбы	5	3	3
	1.1. Тақырыптың нақтылығы мен айқындылығы.	2	1	1
	1.2. Тапсырылған жұмыс мазмұнының тақырыпқа сәйкес келуі.	3	2	2
2.	Мазмұны	75	65	45
	2.1. Мазмұнның мемлекеттік тіл саясаты мен әр "Білім туралы" Заңын жүзеге асыру саясаты тұрғысынан алғанда көкейкестілігі.	15	15	9
	2.2. Мазмұнның жаңалығы, плагиаттықтан, құрастырудан тазалығы.	15	13	9
	2.3. Жұмыстың ғылымылығы. Педагогикалық, психологиялық негіздеменің тереңдігі.	15	13	9
	2.4. Ұсынылған материалдың педагогикалық практика тұрғысынан алғанда құндылығы.	15	13	9
2.5. Жұмыстың мазмұны мен құрылымдағы әдісте-мелік мәдениеті.				
3.	Жұмыстың композициясы	12	8	8
	3.1. Жұмыстағы бөлімдердің логикалық тұрғыдан дұрыс ажыратылуы.	3	2	2
	3.2. Жұмыс мазмұнындағы ішкі біртұтастық.	3	2	2
	3.3. Абзацтарды дұрыс ресімдеу	3	2	2
3.4. Қорытындылар мен ұсыныстардың болуы.	3	2	2	
4.	Жұмыстың ресімделуі			
	4.1. Ғылыми немесе публицистикалық стиль бірлігінің сақталуы.	8	4	4
	4.2. Пайдаланылған әдебиеттер тізімінің библиографиялық мәдениет тұрғысынан дұрыс жасалуы.	2	1	1
	4.3. Эстетикалық мәдениет (әртүрлі шрифттарды қолдану, жол жиегі мен жол аралығының дұрыс сақталуы, кестелер мен сызбалардың дұрыс сызылуы).	2	1	1
4.4. Жұмыс тілінде емлелік, пунктуациялық және стильдік нормалардың сақталуы	2	1	1	

Жалпы ұпай саны (max)	100	80	60
-----------------------	-----	----	----

Бірінші орын - 95-100 ұпай

Екінші орын - 85-94 ұпай

Үшінші орын - 70-84 ұпай

Ынталандыру сыйақылары - 65-69 ұпай

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК